ПР-23601
12.03.2026
ПР-23607
12.03.2026

БЕКІТЕМІН
Алматы қаласы әкімінің орынбасары
_____ А. Нүкенов
2026 жылғы «____» _____

«Наурыз мейрамы-2026» мерекесі аясында
іс-шараларды дайындау және өткізу бойынша
ЖОСПАР-ТАПСЫРМА

2026 жылғы 21-23 наурыз
Астана алаңы, Абай алаңы,
Панфилов көшесі, Жібек жолы даңғылы
және т.б. алаңдар *(келісім бойынша)*

1. «Наурыз мейрамы» мерекесіне арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, соның ішінде алаңдарды безендіруді қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы Мәдениет басқармасы;
«Алатау» дәстүрлі өнер театры» КМҚК;
«Алматы әуендері» КМҚК;
«Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры» КМҚК;
«Қазақ мемлекеттік циркі» КМҚК;
«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

2. Қамтамасыз ету:

- 14 наурыздан 23 наурызға дейін аудандарда «Наурыз мейрамы» мерекесін кешенді түрде ұйымдастыру, оның ішінде концерттер, жәрмеңкелер, фестивальдар, интерактивті аймақтар, шеберлік сабақтарын және басқа да іс-шараларды өткізуді;
- магистральды көшелерге тақырыптық жалаушаларды және шағын сәулеттік формаларды орналастыруды.

Жауапты: Аудан әкімдіктерінің аппараттары

3. Қаладағы жарнамалық құрылымдарда сыртқы баспа өнімдерін және LED экрандарда бейне роликтерді орналастыруды қамтамасыз ету, оның ішінде:

- қаладағы медиабордтар және «Джамбо» *(1 дана)*;
- қаладағы Led экрандар *(100 дана)*;
- метро станциялары *(60 дана)*.

Жауапты: Алматы қаласы Мәдениет басқармасы;
Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы;
Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы

4. Қамтамасыз ету:

- қажетті инвентарьмен *(гримерлік бөлмелерге 50 орындық, 20 үстел)*;
- биотуалеттерді орнатуды *(50 дана, оның ішінде 16 наурыздан бастап 2 дана)*;
- қоғамдық тамақтану аймағында қоқыс жәшіктерін орнатуды *(30 дана)*;
- сахна конструкциясын нығайту мақсатында бактарды сумен толтыруды *(Мәдениет басқармасымен келісім бойынша)*;
- іс-шараға дайындық және оны өткізу кезінде алаңдарды және оларға іргелес аумақтарды уақытылы тазалауды.

Жауапты: Алмалы ауданы әкімінің аппараты;
Медеу ауданы әкімінің аппараты

5. Қала интеллигенциясы, қоғамдық белсенділер және аудандар тұрғындары арасынан қонақтарды шақыруды қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы;
Алматы қаласы Мәдениет басқармасы;
Аудан әкімдіктерінің аппараттары

6. Қамтамасыз ету:

- белсенді аймақтарда волонтерлер жұмыстарын ұйымдастыруды;
- волонтерлерге «Наурыз мейрамы» айдентикасына сәйкес бейсболкалар беруді *(келісім бойынша)*.

Жауапты: Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы

7. Қамтамасыз ету:

- іс-шараларды БАҚ-та кең көлемде жариялау және прайм-таймда имидждік роликтерді орналастыруды;
- мерекелік іс-шараның телевизиялық түсірілімі мен тікелей көрсетілімді (ПТС);
- «Almaty TV» телеарнасында тақырыптық бағдарламалар шығаруды.

Жауапты: Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі;
Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы;
«Almaty» ТРК» АҚ

8. 21–23 наурыз аралығында «Астана», «Абай» алаңдарында және Жібек жолы, Панфилов көшелерінде мерекелік сауданы ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы кәсіпкерлік
және инвестициялар басқармасы;
Алматы қаласы Мәдениет басқармасы

9. Мерекелік шара өткізілетін орындарда азық-түлік өнімдерінің, сусындардың сапасын және саудада санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті

10. Тұрақты электр энергиясымен *(сауда нүктелері, шағын сәулеттік формалар, киіз үйлерге электр беру және белсенді аймақтарда электр нүктелерін орнату)* және 15 наурыздан бастап электрмонтерлердің кезекшілігін қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы;
Алмалы ауданы әкімінің аппараты;
Медеу ауданы әкімінің аппараты

11. Қамтамасыз ету:

- спорттық мектептердің тәрбиеленушілері мен спортшылардың қатысуымен ұлттық спорттық жарыстарды, ойындарды өткізуді;
- спорттық инвентарьмен *(«қазақша күрес» турнирін өткізуге арналған күрес кілемі және т.б.).*

Жауапты: Алматы қаласы Спорт басқармасы

12. Қамтамасыз ету:

- 15 наурыздан бастап Астана алаңына, Абай алаңына, Жібек Жолы және Панфилов көшелеріне ұйымдастырушылар мен қатысушылардың кедергісіз өтуін;
- репетициялар кезінде және іс-шара күні қоғамдық тәртіпті және турникеттерді орнатуды;
- Төле би көшесін Назарбаев даңғылынан Абай хан даңғылына дейін жабуды *(Мәдениет басқармасымен келісім бойынша);*
- 15-23 наурыз аралығында Астана алаңында, Абай алаңында, Жібек жолы және Панфилов көшелерінде сахналық алаңды, жарық және дыбыс техникасын, реквизит жинау орындары мен басқа да мүлікті тәулік бойы күзетуді;
- ірі жүк автокөліктерін пайдаланып жасалатын тарандық шабуылдарды болдырмау үшін бетон блоктарын орнатуды.

Жауапты: Алматы қаласы Полиция департаменті *(келісім бойынша);*
Алматы қаласы Жол қозғалысын ұйымдастыру және жолаушылар көлігі басқармасы;
Алматы қаласы Құрылыс басқармасы

13. Сахналық конструкцияны монтаждау үшін фонтанның жабылуын қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы;
Алмалы ауданы әкімінің аппараты;
Медеу ауданы әкімінің аппараты

14. Қамтамасыз ету:
- іс-шара кезінде жедел жәрдем бригадасының кезекшілігін;
- іс-шара кезінде өрт сөндіру бригадасы кезекшілігін.

Жауапты: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы;
Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті *(келісім бойынша)*

15. Қамтамасыз ету:
- Мерекелік басты концертке көрермендерді 5000 дана жаңбыр плащымен *(дождевик)* және 1000 дана қолшатырмен;
- 19-24 наурыз күндері «Түркі әлемінің өнер фестиваліне» қатысу үшін Түркі мемлекеттерінен келетін 15 қолөнершінің үш мезгіл тамақтануын.

Жауапты: Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы

Орынд.: С.Лим
Тел.: 8 (727) 2251359